

Сол сияқты Д.Ж.Қасымов «Функционирование уйгурского языка и формы его существования (социолингвистическое исследование районов компактного проживания уйгуров в Казахстане)» (1995), Г.С.Сууюнова «Речевое поведение казахов-билингвов» (1995), А.М.Құмарова «Социально-лингвистические проблемы формирования казахской языковой среды в Республике Казахстан» (1996), А.Абасилов «Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолингвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары» (1998), Г.Д.Алдабергенова «Исследование влияния билингвизма на развитие детей» (1999), С.А.Асанбаева «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолингвистикалық өзекті мәселелері», (1999), Г.М.Алимжанова «Структура речевого этикета казахского и русского языков» (1999), С.Ю.Сон «Социолингвистический анализ функционирования коре мар и русского языка в корейской диаспоре Казахстана» (1999), Б.Ж.Құрманова «Социально-лингвистические проблемы функционирования государственного языка а западном регионе Республики Казахстан», Г.А.Досмұхамбетова «Функционирования казахского и русского языков в микросоциальной общности» т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылып, қорғалды. Әлеуметтік бағыттағы мұндай зерттеулердің тіл білімі үшін маңызы зор.

Егемен ел үшін мемлекеттік тіл, тіл саясаты, қоғамдағы қарым-қатынас тілі, көптілділік, көптілділік т.с.с. мәселелер назардан тыс қалмауы керек. Қорытындылай келгенде, тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамдық өзгерістер мен дамулар тіл арқылы жүзеге асып, көрініс беріп, хабардар болып отырады. Тілдің дамуына әсер ететін экстралингвистикалық фактор да қоғамдық жағдайлардан туындайтыны сөзсіз. Осы жағдайларды әлеуметтік лингвистика зерттеп отырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абасилов А. Қазақстандағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер: ізденістер мен жаңа мүмкіндіктер, проблемалар. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 3(149). 2014. – Б. 61-71.
2. Хасанов Б. Языки народов Казахстана и их взаимодействие. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 216 с.
3. Лексическая и морфологическая интерференция в русской речи казахов. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 120 с.
4. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
5. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 с.

#### Алданиязова Гүлжайна Конгратабайқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің магистранты  
aldaniazovagulii@gmail.com

Ғылыми жетекшісі:  
ф.ғ.д. А.С. Адилова

#### СТЕРЕОТИПТЕР ТУРАЛЫ: ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМДАҒЫ ШҚІРЛЕР

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, басқа да коммуникациялық технология, ғылым, әдебиет пен өнер, сондай-ақ қоғамның әртүрлі саласында халықтардың тарихи жадынан берік орын алған көпғасырлық стереотиптер туралы неміс, ағылшын, қазақ, орыс т.б мемлекеттеріндегі ғалымдардың зерттеулері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** *стереотип, ғылым, жеке тұлға, қоғам, ұлт, таным, сенім*

**Кіріспе.** Кез келген ақиқат дүниені тану барысында алдымен сезім мүшелері арқылы (көру, есту, сипап сезу, дәм тату, т.б.) қабылданған ақпараттар санаға бет бұрады. Осы ғалам бейнесін жасаудың ең қарапайым тәсілі – ассоциацияны жарыққа шығару. Ассоциациялық түсінік ұжымдық санада қайталана келіп, жадыда қатталады да, ғалам бейнесін жасаудың екінші тәсілі – стереотипке жалғасады. Ақиқат дүниені индивидуалды тану әсерінен қалыптасқан окказионалды қолданыстар ғалам бейнесін жасаудың үшінші тәсілі ойбейне жасауды қалыптастырады. Осылайша бір ақиқат дүние туралы санада жинақталған ақпараттар иерархиялы түрде тізбектеліп, ғаламның концептуалдық бейнесін құрайды. Ғаламның концептуалды бейнесінің әрбір ұяшығына жиналған ақпараттар тіл арқылы жарық көруі мүмкін. Егер ақиқат дүние туралы концептуалды бейнелер тілдік жүйеде әртүрлі мағыналарда өрбитін болса, оның тілдік бейнесі қалыптасты деген сөз. Сонымен

ғаламның концептуалды бейнесі санада болатын әрекет болса, ғаламның тілдік бейнесі тілдік жүйеде болатын құбылыс. Мәселен, стереотиптердің барлығында ғаламның тілдік бейнесі бар.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Жеке тұлғаның этномәдени өзіндік ерекшелігі әлеуметтік іс-әрекеттің бірлігі ретінде қалыптасқан және этномәдени сипаттамаларды қалыптастыруда маңызды функцияны орындайтын стереотиптердің арқасында көрінеді. Стереотиптер жүйесіндегі шешуші орынға адамның қоршаған әлем туралы идеяларын, оның осы әлеммен қарым-қатынасын көрсететін және әлеуметтену процесінде жеке адам алған барлық білім мен нанымдарды қамтитын әлем модельдері ие.

Әлемнің тілдік бейнесін құраушы стереотиптер әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Мысалы, қазақ халқының тілдік санасындағы "қонақжайлылық", "қонақ" ұғымдары мәдени мазмұны терең құндылықтар ретінде сипатталады.

Алғашқы стереотип ұғымы 1922 жылы өзінің қоғамдық пікірінің бастапқы тұжырымдамасын сипаттауға қолданған Уолтер Липпманның(Walter Lippmann) түсінігімен байланысты болды. Америкалық жазушы У.Липпман стереотипті «the pictures in our heads», яғни "біздің санамыздағы образдар" деп түсіндіреді. Ғалымның айтуы бойынша стереотип – бұл бұрынғы әлеуметтік тәжірибеге негізделген қоршаған әлемді тану кезінде ақ пен қараны айыру және түсінік пен ақпаратты қабылдаудың тарихи қауымдастықта қабылданған үлгісі [1]. Ал, аталған осы стереотиптер жүйесі – әлеуметтік шындыққа негізделеді. У.Липпманның анықтамасы әлеуметтанушылар мен әлеуметтік психологтар үшін маңызды әрі танымдық әлеуетке ие, өйткені ол не пайда болатыны мен не ұсынылатындығын ажыратуға мүмкіндік береді. Мысалы, 1999 жылы Оксфордта өткен Еуропа эксперименттік әлеуметтік психология қауымдастығының конгресінде осы анықтаманы негізге ала отырып, симпозиумның 33 қатысушысының 13-і теріс пікір мен нәсілдік кемсітушіліктің стереотиптеріне назар аударды.

Мақалада интерпретациялау әдісі қолданылды.

**Зерттеу нәтижесі.** Липпманның жұмысы стереотипке қатысты барлық кейінгі зерттеулерге үлкен әсер етті, содан бері стереотипке байланысты көптеген анықтамалар ұсынылды. У.Липпманның осы идеясын жалғастыра отырып, Роберт Седрик Бинкли стереотипті «жалпыға ортақ нәрселердің ұлы бөлімі» [2] деп атады. Америкалық психолог және әлеуметтанушы Кимбалл Юнг 50-жылдардың аяғында стереотип ұғымына «ложная классификационная концепция, с которой, как правило, связаны какие-то чувственно эмоциональные тона сходства и различия, одобрения или осуждения другой группы» дей келе, өз анықтамасын беріп, стереотипті қарастыруға ұсыныс тастайды. Д. Кац пен К.Брейли: стереотипті "адамға тән қасиеттерден туындайтын тұрақты түсінік" [3]деп қарастырды.

Осы бағыт бойынша ресейлік лингвист, профессор И.В. Карасик өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізді. В.И.Карасиктің айтуынша, стереотип: "Жекелеген адамдар тобы (индивидуум) мүшелерінің болжамдарына сәйкес топ мүшелерін санаттарға бөлуге мүмкіндік беретін топтастырылған жеңіл тұжырымдамалардың жиынтығы" [4].

Қазіргі тіл білімінде осы ұғымға арналған іргелі зерттеулерді И.С. Кон, Ж.Коллен, Ю.Д. Апресян, Ю.А. Сорокин, В.А. Рыжков, Ю.Е. Прохоров, В.В. Красных, П.Н. Шихирев, С.М. Толстая, Е.Бартминский, А.К. Байбурун, Д.Б. Гудкова, И.Ю. Марковина, Н.В. Уфимцева, А.В. Павловская, О.Ю. Семендяев, В.А. Маслова, М.В. Пименова, Н.Уэли, Б.Хасанұлы, А.С. Әлметова, Г.Смағұлова, Ж.Манкеева, Қ.Ө.Есенова, Г.Исина, А.Б.Әмірбекова, К.А.Құсманова, т.б. отандық және шетелдік лингвист ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады.

Ғалымдардың пайымдауынша, «стереотип дегеніміз белгілі бір концептінің ментальділік құрылымы» [5], «әртүрлі жағдай немесе құбылысқа қатысты қалыптасқан ұлттық-мәдени көріністердің концептуалдық әлем бейнесіндегі кейбір фрагменті» [6], «менталды картина түрінде санада тіркелген, бізді қоршаған ақиқаттың фрагменттері, ақиқат дүниенің жеке тұлға санасындағы инварианты іспетті типтік фрагменті» [7], «ақиқат дүние туралы күнделікті қолданыста кеңінен танылған, сол зат не құбылысты, сол ситуация мен әрекетті, тұлға не әлеуметті (дүниені) танудың санадағы қарапайым бейнесі» [8], «белгілі әлеуметтік құбылыс пен объектіге берілген стандартты образдар» [9]. Бұл анықтамалар қазіргі ғылыми айналымдағы зерттеу еңбектерінде кеңінен қолданылып жүр.


Липпман өзінің кітабында өзінен кейінгі зерттеушілердің стереотиптерден тапқан негізгі мағыналарын алдын-ала болжады, ал оның тұжырымдамасының өзі күнделікті тілге мықтап ене білді. Липпман бұл терминді, ең алдымен, схема ретінде түсінді, оны адам санасындағы әлемнің реттелген, мәдени детерминистік бейнесі ретінде қарастырды [1]. Ол стереотип тек сананың ғана

емес, сонымен бірге адамдардың мінез-құлқының бағытын, мазмұнын анықтайды деп тұжырымдама жасады. "Public opinion" жұмысында ол "...стереотиптік жүйелер біздің жеке дәстүрлеріміздің өзегі, қоғамдағы жағдайымыздың баяндаушысы бола алады.... Бұл біздің сезіміміздің өзіндік әлеміне, өз құндылықтарымызға, өз ұстанымдарымызға және өз құқықтарымызға проекция..." деп атап көрсетті [10]. Стереотипте шындық әрқашан біршама бұрмаланып, тек шындықтың кейбірін ғана көрсетеді. Сол себепті де стереотиптерді қалыптастыру саласы шындыққа жанаспайтын қиялдардан бастап, ғалымдардың зерттеу, талдау нәтижелерін саналы түрде қолдануына дейінгі кезеңдерді қамтиды

Ұғымның бойындағы концептуалдық мәнді толық айқындау үшін лингвокогнитивтік талдау қажет етіледі. Стереотиптер дәстүрлермен, салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, мифтермен көп байланысты, бірақ стереотиптер "өздерінің" ортасында болатын жасырын ақыл-ой деңгейінде қалады [11]. В.А.Маслованың пайымдауынша, когнитивті ғылым адамның білімі мен санада жинақтаған ақпараттарын белгілі бір ұғымға түсінік беруде жұмсайтын когнициялық әрекеттердің үдерісін қарастырады. Әрбір ұғымның аясында жинақталатын ақпараттар ассоциациялық, стереотиптік, эталондық, бейнелік, т.б сипатта жинақтала келіп, сол ұғымның концептілік жүйесін құрайды.


**Талдау.** Сонымен, "Стереотип" феномені тек лингвистердің ғана емес, әлеуметтанушылардың, этнографтардың, когнитологтардың, психологтардың, этнопсихоллингвистердің еңбектерінде де қарастырылады (У. Липпман, И.С. Кон, Ж. Коллен, Н.А.Рожественская, П.Н.Донец, Ю. Д. Апресян, Ю. А. Сорокин, В. А. Рыжков, Ю. Е. Прохоров, В. В. Красных, П. Н. Шихирев, А. В. Михеев, С. М. Толстая, Е. Барт-Минск, А. К. Байбурин, Г. С. Батыгин, С. В. Силинский және т. б.) [11].

Стереотип – адамның жаңа ақпаратты қабылдауына әсер ететін көзқарастар жиынтығы және ақпараттарды қабылдаудың, онымен қоса мінез-құлықтың бейнесі.



Тілдік тұрғыдан алғанда, стереотиптер этникалық топтың өкілі ретінде стереотиптік тұлғаны сипаттаумен, оның сөйлеу портретін жасаумен, оның қатысуымен болған әрекеттер мен жағдайлардың сипаттамасы арқылы көрінеді. Айталық, басқа этностың стереотиптік бейнесіне сыртқы келбеттің (мәселен, ұлттық костюмнің кейбір элементтері), мінез-құлықтың, әдеттердің, әдет-ғұрыптардың айқын белгілерін жатқызуға болады. Осыдан келе, стереотип адамға басқа этникалық топтың қысқаша сипаттамасын береді, яғни стереотип заңдылығына сәйкес стереотиптік топтың барлық өкілдерін толығымен сипаттайтын бір немесе бірнеше белгілерді жарыққа шығарады.

Стереотиптің қалыптасуы мен жұмсалыуына лексикалық, грамматикалық және фонетикалық құралдар қолданылады, алайда негізгі рөлді лексика атқарады, өйткені стереотип, ең алдымен, кез-келген топтың сапалық сипаттамаларын айтады, сонымен қатар лексикада ана тілінің ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан едәуір тілдік тәжірибесі жинақталады.



2-сурет. Стереотиптердің міндеттері мен функциялары

Біз бұл әлемнің құрамдас бөлігіміз. Сондықтан стереотиптердің кез-келген өзгерісі, жаңадан стереотиптердің пайда болуы ғаламның негізіне тосыннан келген шабуыл, тыныш құлаққа соққы

ретінде қабылданатыны таңқаларлық емес. Стереотиптер жүйесі – қоғамдағы қағидалар, дұрысы не бұрысы көбісінде белгісіз болып келетін түсініктер жиынтығы, және де біз, адамдар, сол стереотиптермен өмір сүріп келеміз. Сонымен қатар аталған жүйе сыртқы әлемді өз құндылықтарымыз туралы хабардар етеді және қоғамдағы жағдайымыз бен құқықтарымызды қорғайды. Десек те, стереотиптер адамдар арқылы түрліше түсінудің әсерінен пайда болатын түсініктер, ұғымдар мен ойларға толы, көбінде жасалу уәжі қорқыныш, тілек, хобби, мақтаныш, үміт секілді сезімдер мен бағыттарға байланысты.

Күнделікті санада және бұқаралық ақпарат құралдарында стереотиптер тек теріс құбылыс, жағымсыз ұғым ретінде өте кең таралған. Бұл, әлемдік ғылымда көбінесе жағымсыз стереотиптер жиі зерттелгендіктен туындап отырған жағдай. Мысалы: этникалық топтардың аздығын немесе олардың сырт келбетін (ақ нәсілді, қара нәсілді деп) кемсіту сияқты. Алайда стереотип теріс те, оң да болуы мүмкін. Сондықтан тек теріс болып табылатын стереотип пен алалаушылықты ажырату қажет.

Шындығында, стереотип белгілілі бір ақпаратты ақылға салып ойланбай тұрып әрекет етеді. Ақылға қонымды болғанға дейін стереотип біздің сана-сезіміміз қабылдайтын деректерге белгілі бір деңгейде із қалдырады. Сондықтан да стереотипке білім мен сын сияқты ештеңе де қарсы тұра алмайды. Нәтижесінде сырттан келген ықпал белгілі бір дәрежеде стереотиптер жүйесінің қандай да бір бөлігін белсендіреді немесе жарыққа шығарады. Осылайша, тікелей әсер және бұрын қалыптасқан пікір, ой, түсінік бір уақытта санада пайда болады.

**Қорытынды.** Жинақтай келе келесідей қорытынды жасауға болады: стереотиптер кез келген мәдениеттің ажырамас элементі болып табылады және қоғамдағы қолданысы адамдардың психологиясынан бөлек мінез-құлқына әсер етеді, сонымен қатар олардың санасы мен ұлтаралық байланыстарға ықпал ету жағдайлары бар, сондықтан оған мынадай анықтама ұсынуға болады: стереотип – кез келген мәдениеттің ажырамас элементі болып табылады және стереотиптердің қоғамдағы қолданысы адамдардың психологиясына, мінез-құлқына, адамдардың санасы мен ұлтаралық байланыстарға әсер ететін ерекшелік болып саналады. Ал стереотиптер (әсіресе, әлеуметтік, мінез-құлық стереотиптері) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптасады және танылып, таралады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Липпман У. Общественное мнение / пер. с англ. Т. В. Барчунова; под. ред. К. А. Левинсон, К. В. Петренко. – М.: Ин-т Фонда «Общественное мнение», 2004.
2. Binkley R. C. The Common Concept of Public Opinion in the Social Sciences/R. Binkley// Social Forces. – 1928. – Vol. 6. – 393 p.
3. Katz D., Braly K.W. Racial stereotypes of one hundred college students // Journal of Abnormal and Social Psychology. 1933. – Vol. 28. – P. 280-290.
4. Карасик В. И. Лингвокультурный типаж «английский чужак». – М.: Гнозис, 2006. – 240 с.
5. Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология. – М.: Гнозис, 2002. – 284 с.
6. Мордвинова Е.В. Языковые и культурные особенности восприятия. [nv-study.intramail.ru](http://nv-study.intramail.ru). [интернетресурс]
7. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері. Филол. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2007. – 328 б.
8. Әмірбекова А.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтану, 2011. – 335 б.
9. Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2016. – 320 б.
10. Lippman W/ Public Opinion/ New York, 1922. P.23
11. Маслова В. А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 200.